

**Қызыл Кітапқа енгізілген хайуанаттарды шектеп алудың мүмкіндіктерін зерделеу жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 28 наурыз N 348. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.*

Қызыл Кітапқа енгізілген жабайы хайуанаттардың (тұяқтылар) биологиялық, морфологиялық және кариологиялық ерекшеліктерін, оларды шектеп алудың мүмкіндіктерін зерделеу әрі осы мақсат үшін іріктелгендерін ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Зоология институтымен келісілген 1995-1997 жылдары Зоология институты мен Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитеті арасындағы шаруашылық шарт бойынша Қазақстан Республикасының Қызыл Кітабына енгізілген үстірт муфлонның, қазақстандық арқар мен қарақұйрықтың биологиясын, экологиясын, сан мөлшерінің жай-күйін, шаруашылықта шектеп пайдаланудың мүмкіндіктерін зерделеу жөнінде ғылыми-зерттеу жүргізу туралы ұ с ы н ы с ы қ а б ы л а л ы н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігіне Орман шаруашылығы комитетіне 1997 жылды қоса алғанда аталған зерттеулерді жүргізу үшін жыл сайын 20 муфлон, 20 арқар және 10 қарақұйрық аулауға рұқсат б е р у т а п с ы р ы л с ы н .

Салыстырмалы морфологиялық және кариологиялық зерттеулер жүргізу үшін Орман шаруашылығы комитетіне 1995 жылы бір данадан қаратау және жоңғар арқарын аулауға, 1996 жылы бір данадан тынышан мен алтай арқарын аулауға р ұ қ с а т е т і л с і н .

3. Ауланған хайуанаттарды неғұрлым ұтымды пайдалану және табиғат қорғау мақсаттары мен зерттеу жүргізілген облыстардың басқа да мұқтаждары үшін валюта қаражатын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитетіне ауланған олжаға шетелдік валюта аударымымен төлем жасай отырып, оларды аулауға шетел аңшыларын тартуға рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының аумағындағы жабайы хайуанаттарды аулағаны үшін алынған валюта қаражаты валюта қолданылып жүрген заңға сәйкес міндетті түрде сатылғаннан кейін Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитетіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға белгіленген тәртіппен ашылған арнайы есепшотқа аударылады. Аталған қаражатты жұмсау арнайы қаражатты пайдалану жөніндегі қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі рұқсаттың пайдаланылуына бақылау орнатсын және жұмыс аяқталғаннан кейін жүргізілген зерттеудің нәтижесі туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне хабарлайтын болсын. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары